

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы « 3 » сәуірдегі
№ 192 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 4 мамырдағы
№ 437 қаулысымен
бекітілген

Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерлері

Атқарушылық іс жүргізу шеңберінде істің санатына байланысты төленетін жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасы мынадай тәртіппен белгіленеді:

1) мүліктік (ақшалай) сипаттағы атқарушылық құжаттар үшін мынадай сомалар бойынша:

60 АЕК-ке дейін болса – өндіріп алу сомасының 25 пайызы мөлшерінде;

60 АЕК-тен 300 АЕК-ке дейін болса – өндіріп алу сомасының 20 пайызы мөлшерінде;

300 АЕК-тен 1000 АЕК-ке дейін болса – өндіріп алу сомасының 15 пайызы мөлшерінде;

1 000 АЕК-тен 5 000 АЕК-ке дейін болса – өндіріп алу сомасының 10 пайызы мөлшерінде;

5 000 АЕК-тен 10 000 АЕК-ке дейін болса – өндіріп алу сомасының 8 пайызы мөлшерінде;

10 000 АЕК-тен 20 000 АЕК-ке дейін болса – өндіріп алу сомасының 5 пайызы мөлшерінде;

20 000 АЕК-тен жоғары болса – өндіріп алу сомасының 3 пайызы мөлшерінде;

2) мүліктік емес (ақшалай емес) сипаттағы атқарушылық құжаттар үшін:

шығару және (немесе) үйге орналастыру, борышкерді белгілі бір әрекеттер жасауға және (немесе) оларды жасаудан тартынуға міндеттеу туралы атқарушылық құжаттар бойынша – жеке тұлғалардан 50 АЕК, заңды тұлғалардан 100 АЕК;

талап қоюды қамтамасыз ету, мүлікті тыйым салудан босату және өзге атқарушылық құжаттар бойынша – жеке тұлғалардан 20 АЕК, заңды тұлғалардан 40 АЕК;

3) мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар үшін:

алименттерді өндіріп алу және жарақаттанудан немесе денсаулықты өзге де зақымдаудан келтірілген зиянды өтеу туралы, өндіріп алу сомасының 1 АЕК мөлшерінде тоқсан сайын.

Пайда болған берешекті өндіріп алу кезінде жеке сот орындаушының қызметіне ақы төлеу осы жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерлерінің 1) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескертпе: өндіріп алу сомасы – атқарушылық құжатта көрсетілген ақшалай талаптың не өндіріп алушының мәжбүрлеп орындатуға ұсынған ақшалай талабы бөлігінің мөлшері;

АЕК – «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен жыл сайын белгіленетін айлық есептік көрсеткіш.

Приложение
к постановлению Правительства
Республики Казахстан
от « 3 » апреля 2015 года
№ 192

Утверждены
постановлением Правительства
Республики Казахстан
от «4» мая 2014 года № 437

Размеры оплаты деятельности частного судебного исполнителя

Сумма оплаты деятельности частного судебного исполнителя, уплачиваемая в рамках исполнительного производства в зависимости от категории дел, устанавливается в следующем порядке:

1) для исполнительных документов имущественного (денежного) характера по суммам:

- до 60 МРП – в размере 25 процентов от суммы взыскания;
- от 60 до 300 МРП – в размере 20 процентов от суммы взыскания;
- от 300 до 1 000 МРП – в размере 15 процентов от суммы взыскания;
- от 1 000 до 5 000 МРП – в размере 10 процентов от суммы взыскания;
- от 5 000 до 10 000 МРП – в размере 8 процентов от суммы взыскания;
- от 10 000 до 20 000 МРП – в размере 5 процентов от суммы взыскания;
- свыше 20 000 – в размере 3 процентов от суммы взыскания;

2) для исполнительных документов неимущественного (не денежного) характера:

о выселении и (или) вселении, обязанности должника совершить определенные действия и (или) воздержаться от их совершения – с физических лиц 50 МРП, юридических лиц 100 МРП;

об обеспечении иска, освобождении имущества от ареста и иных исполнительных документов – с физических лиц 20 МРП, юридических лиц 40 МРП;

3) для исполнительных документов о взыскании периодических платежей:

о взыскании алиментов и возмещении вреда, причиненного увечьем или иным повреждением здоровья, в размере 1 МРП от суммы взыскания ежеквартально.

При взыскании образовавшейся задолженности оплата деятельности частного судебного исполнителя осуществляется в соответствии с подпунктом 1) настоящих размеров оплаты деятельности частного судебного исполнителя.

Примечание: сумма взыскания – размер содержащегося в исполнительном документе денежного требования либо части денежного требования, предъявленного взыскателем к принудительному исполнению;

МРП – месячный расчетный показатель, устанавливаемый ежегодно Законом Республики Казахстан «О республиканском бюджете».
